

релевантным, создавая эффект «информационного пузыря». Критическая оценка проявляется лишь при личном интересе, а доверие к медиаконтенту в социальных сетях остаётся низким.

Список литературы

1. Каковы позитивные и негативные стороны блогосферы Казахстана // Русские в Казахстане — информационный портал. — Режим доступа: <https://russianskz.info/society/13238-kakovy-pozitivnyye-i-negativnyye-storony-blogosfery-kazahstana.html> (дата обращения: 16.03.2026).
2. Berger P., Luckmann T. The Social Construction of Reality. A Treatise on the Sociology of Knowledge. — 1966. / Бергер П., Лукман Т. Социальное конструирование реальности. Трактат по социологии знания. Пер. с англ. Е. Руткевич. — М., 1995.
3. Luhmann N. Die Realität der Massenmedien. — Wiesbaden: GWV Fachverlage GmbH, 2004. / Луман Н. Реальность масс-медиа. Пер. с нем. А. Ю. Антоновский. — 2005.
4. Беймишева А., Жусупова А. Влияние дезинформации на общество Казахстана: на основе социологического исследования / рецензент Ж. Джандосова; ред. И. Медникова. — Алматы, 2022. — 132 с.

МЕКТЕП ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ТҮЛЕКТЕР АРАСЫНДАҒЫ «БІЗ» СЕЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ: БИЛ (КТЛ) МЫСАЛЫНДА

Копбергенова А.А.

Саясаттану және әлеуметтану кафедрасының студенті
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық Зерттеу университеті, Қазақстан
E-mail: aishaaidar1@gmail.com
Ғылыми жетекшісі: профессор Валитова З.Х.

Мектеп институты тек қана білім беру жүйесінде емес, сонымен қатар оқушылардың тұлғалық қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Бұл оқушылар мен жасөспірімдердің бір-бірімен араласып, қарым-қатынас құра отырып, ортақ құндылықтарды қабылдау ортасы. Мектеп ортасында топқа тиесілік сезімі қалыптасады, оны «БІЗ» сезімі деп атауға болады. Дәл осы сезім оқушылар арасындағы ынтымақтастықтың, өзара көмек пен сенімнің негізіне айналады.

Мектеп қауымдастығы әлеуметтік жүйе ретінде ынтымақтастықты қалыптастыру процессінде маңызды рөл атқарады. Томас Дж. Серджиованидің пікірінше мектептегі қатысушылар ортақ құндылықтар мен моральдық міндеттемелермен біріктірілген кезде ғана мектеп шынайы қауымдастыққа айналады. Мұғалімдер, ата-аналар және әкімшілік тұрақты және тұтас білім беру ортасын құра отырып, тиістілік сезімін күшейте алады деп атап өткен [1]. Ұқсас пікірді классикалық әлеуметтану теорияларында да кездестіруге болады. Эмиль Дюркгейм өзінің теориясында ұжымдық бірегейлік пен ынтымақтастық бірлескен тәжірибелер мен ритуалдар арқылы қалыптасатынын атап өтті [2]. Мектеп контекстінде мұндай «ритуалдық фактілерге» дәстүрлі іс-шаралар, жобалар бойынша бірлескен жұмыс, командалық тапсырмалар және күнделікті өзара әрекеттесу тәжірибелері жатады. Осындай белсенділіктер оқушылар арасындағы «БІЗ» сезімін нығайтуға ықпал етеді. Бұл контексте Қазақша-түрікше лицейлер, қазіргі таңда БИЛ(Білім-Инноваци лицейі) қауымдастығы ерекше қызығушылық тудырады. Бұл білім беру моделі оқу процесін ғана емес, сонымен қатар «Әпке/Аға» институты (тәрбиешілік) және интернаттық тұру жүйесі сияқты қосымша әлеуметтік механизмдерді де қамтиды. Оқушылардың тұрақты өзара әрекеттесуі, іс-шараларға бірлесіп қатысуы және тәрбиешілердің болуы тығыз әлеуметтік байланыстардың қалыптасуына жағдай жасайды. Дәл осы элементтер «БІЗ» сезімінің дамуына және оқушылар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді деп болжауға болады. Ғылыми әдебиеттерде мектептегі әлеуметтену және ұжымдық бірегейлікті қалыптастыру мәселелері қарастырылғанымен, нақты мектеп жүйесіндегі қандай құрылымдар мен тәжірибелер оқушылар арасындағы ортақ сезімді күшейтетіні жеткіліксіз зерттелген.

Мектеп қоғамдастығы мектепті тек білім беру институты ретінде ғана емес, сонымен қатар оқушылардың ұжымдық сәйкестігін қалыптастыру кеңістігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, бұл мақаланың мақсаты – БИЛ (КТЛ) мектеп ауымдастығының қандай элементтері оқушылар арасында ынтымақтастық пен «БІЗ» сезімін қалыптастыруға ықпал ететінін талдау.

Зерттеу сапалық тәсіл аясында жүргізіліп, жартылай құрылымданған тереңдетілген сұхбат әдісі қолданылды. Іріктеу мақсатты сипатта жүзеге асырылды. Іріктеу құрамына БИЛ (КТЛ) түлектері,

жасы 17–18 аралығындағы, интернаттық жағдайда білім алып, тұру тәжірибесі бар респонденттер енгізілді. Жалпы зерттеу аясында 5 информантпен сұхбат жүргізілді. Сапалық тәсілді таңдау топқа тиесілік сезімнің қалыптасуы мен ұжымдық бірегейліктің құрылу үдерістерін түсіндіруге мүмкіндік беретін субъективті мағыналарды, жеке интерпретацияларды және күнделікті өзара әрекеттесу тәжірибелерін анықтау қажеттілігімен негізделеді.

БИЛ түлектерімен жүргізілген сұхбаттарды талдау мектеп қауымдастығын ерекше әлеуметтік кеңістік ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл кеңістікте сенімге, өзара көмекке және тиесілік сезіміне негізделген тұрақты қарым-қатынастар жүйесі қалыптасады. Алынған деректер БИЛ оқушылары үшін мектеп тек білім алатын орын ғана емес, сонымен қатар олардың дүниетанымы, құндылықтары мен әлеуметтік ұстанымдары қалыптасатын маңызды әлеуметтену ортасы екенін көрсетеді. Бұл тәжірибені респонденттердің бірі қысқаша әрі дәл сипаттады: *“КТЛ(БИЛ) - үш әріп, шексіз естеліктер”* (Д., 18 жас).

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің бірі – оқушылар арасында айқын көрінетін «біз» деген ортақ сезімнің болуы. Респонденттердің айтуынша, бұл сезім тек өзін-өзі тану деңгейінде ғана емес, күнделікті әрекеттерде де көрініс табады. Қатысушылар бұл сезімнің тек сөз жүзінде емес, нақты тәжірибеде байқалатынын атап өтеді: *«“Біз” тек қана сөз емес, әрекет ретінде де өте қатты сезілді»* (А., 18 жас). Бұл деректер ұжымдық бірегейліктің нақты өзара әрекеттесу мен бірлескен өмір тәжірибесі арқылы қалыптасатынын көрсетеді. Сонымен қатар, мектеп ортасында шамадан тыс индивидуализмнен бас тартуға бағытталған белгілі бір нормативтік ұстаным да қалыптасады: *«“Мен” десең болды сен ортаңның алдында “тәкәппарсың” зой, “мен” емес “біз” деп жүруің керек»* (Б., 18 жас). Осылайша, топ мүддесі жеке мүддеден жоғары қойылатын ұжымшылдық ойлау жүйесінің мақсатты түрде қалыптасуы туралы айтуға болады. Аталған құбылыс ортақ нормалар, құндылықтар және бірлескен әрекет тәжірибесінің нәтижесі ретінде қарастырылатын әлеуметтік ынтымақтастық (солидарлық) туралы теориялық түсініктермен сәйкес келеді.

Мұндай қарым-қатынас моделінің қалыптасуы көп жағдайда білім беру үдерісінің ұйымдастырылу ерекшеліктерімен, атап айтқанда интернаттық жүйемен байланысты. Оқушылардың үнемі бірге тұруы олардың қарқынды өзара әрекеттесуіне жағдай жасап, өзара жақындасуды жеделдетеді. Респонденттердің айтуынша: *«Жатаханада тұрғанның арқасында менде басқалармен қарым қатынас жасау өте оңайға соқты, өйткені олармен 24/7 уақытымды өткіземін»* (А., 17 жас). Мұндай өзара әрекеттесу форматы жай ғана таныстықты емес, терең тұлғааралық байланыстардың қалыптасуына ықпал етеді. Күнделікті тәжірибелер — бірлесіп тамақтану, бейресми қарым-қатынас, бос уақытты бірге өткізу — әлеуметтенудің маңызды механизмдеріне айналады: *«...балалармен бірге бір нанды бөлір жееу»* (Б., 18 жас), *«үлкен компания болып [күлкі] түскі асқа баратынбыз...»* (А., 18 жас), *«...қыздармен бірге таңертен аңгіме айтып, уақытымызды, күнімізді өте керемет бастап, сабаққа баратынбыз»* (А., 17 жас). Аталған элементтер оқушылар өздерін біртұтас ұжымның бөлшегі ретінде сезінетін ерекше эмоционалдық атмосфера қалыптастырады. Мұндай тұжырымдар интернаттық мектептер өзара әрекеттесудің жоғары қарқындылығымен сипатталатын ерекше әлеуметтік контекст қалыптастыратынын көрсететін зерттеулермен сәйкес келеді [3].

Сонымен қатар, ынтымақтастықтың қалыптасуы тек ресми және формалданған тәжірибелер аясында ғана емес, бейресми өзара әрекеттесулер арқылы да жүзеге асатынын атап өткен жөн. Респонденттер мектеп ережелерін бұзумен байланысты жағдайларды мысалға келтіреді, алайда дәл осындай сәттерде өзара көмек пен қолдаудың жоғары деңгейі айқын көрінеді: *«өте-өте шошақай болатынбыз. Қасымызға тағы қыздарды алып алып, әрқашан сабақ бітсе “қайда барамыз” деп ойланатынбыз»* (А., 18 жас), *«...біз өте көп қашатынбыз(жатаханадан), сол сәтте лицейге білдіртпей кіру керек болатын, біз өзіміздің сыныптастарымызға хабарласып “...өтінемін, орындықты шығарып жіберші терезеден” ...солардың көмегімен лицейге кіретінбіз. Осындай кездерде “байырмашылдық” шынайы сезіледі, әлі күнге дейін оларға ризамын»* (А., 18 жас). Мұндай жағдайлар сенім мен бір-біріне көмектесуге дайындықтың тек ресми қарым-қатынастармен шектелмей, өзара әрекеттесудің барлық деңгейіне таралатынын көрсетеді. Бұл өз кезегінде ынтымақтастықтың декларативті сипатта емес, терең тамырланған әлеуметтік құбылыс екенін дәлелдейді.

Мектеп қауымдастығының орталық элементтерінің бірі — достық. Респонденттердің айтуынша, ол ерекше тереңдік пен маңызға ие болады. Оқушылар өзара қарым-қатынастарын отбасылық байланыстарға жақын деп сипаттайды: *«қандарымен туыс болмасақ та, жүрегімен туыс адамдар»* (А., 17 жас), *«sisters from another mother»* (А., 18 жас). Осылайша, жай ғана әлеуметтік желі емес, сенім мен өзара қолдауға негізделген эмоциялық тұрғыдан бай қауымдастық қалыптасады. Бұл деректер достықтың, әсіресе жасөспірім кезеңінде, тұлғалық дамудың маңызды факторы екенін

көрсететін ғылыми зерттеулермен сәйкес келеді [4]. Сонымен қатар, жақын достық байланыстардың болуы психологиялық тұрақтылық пен табысты бейімделуге ықпал ететіні де дәлелденген [5].

Оқушылар арасындағы өзара көмектің сипатына да ерекше назар аудару қажет. Сұхбаттарда көмектің формалды емес, саналы әрі мазмұнды сипатта болатыны атап өтіледі: «...мен түсінбеген жерімді 8 сыныпта қасымда отырған парталасым...алгебрадан дым түсінбесемде, әр сабақтан кейін немес сабақ уақытында түсінбеген жерімді қайта-қайта жеке түсіндіретін. Сол кезде мен түсіндім бұл адам менің тек қана жақсы баға алып, одан көшіргенімді емес, бұл тақырыпты түсініп, өз білімімді дамытқанымды қалады» (А., 18 жас). Бұл оқушылардың тек өз жетістіктеріне ғана емес, айналасындағылардың дамуына да бағытталғанын көрсетеді. Бұдан бөлек, кей жағдайларда өзара көмек оқу үдерісінің шеңберінен шығып, әлеуметтік мәнге ие сипат алады. Соның жарқын мысалдарының бірі — су тасқынына байланысты жағдай: «Кұлсарыда су тасқыны болды...2-3 баланың үйі суға кетіп қалды...көмекке шақырды “көмек керек жігіттер” деп. Сол кезде бірі қалмай бәрі барып, сол кезде түсіндім бауырмашылдығымызды... Судан қорған болады...сондай тұрғыздық қала тұрғындарымен» (Б., 18 жас). Бұл эпизод мектеп қабырғасында қалыптасқан ынтымақтастықтың тек сол ортада ғана емес, одан тыс, нақты өмірлік жағдайларда да көрініс табатынын дәлелдейді. Осыған сүйене отырып, лицей тек академиялық білім беріп қана қоймай, әлеуметтік маңызы бар мінез-құлық үлгілерін де қалыптастырады деп тұжырымдауға болады.

Оқушылардың мектепті қабылдауы да ерекше назар аударуды талап етеді, өйткені олар оны тек академиялық білім беретін орта ретінде емес, тұлғалық қасиеттер қалыптасатын кеңістік ретінде қарастырады. Бұл БИЛ-ді тұлғаның кешенді дамуын қамтамасыз ететін орта ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. «Лицей бұл өте үлкен білім қоры бар, бірақ оған қарамастан тәрбие жүйесінде алып жүретін орын... сен қаншалықты ақылды және білімді болсаң да, бірақ сені алдыға жетелейтін тәрбиең болмаса, мінезің болмаса, сен алысқа бармайтын адамсың» (А., 18 жас). Бұл мәлімдеме оқушылардың мектепті білім көзі ретінде ғана емес, сонымен қатар құндылықтарды, мінез-құлық нормаларын және өмірлік бағдарларды қалыптастырудың маңызды институты ретінде қабылдайтынын көрсетеді. Бұл тұрғыда БИЛдің білім беру ортасы тек академиялық дамуға ғана емес, сонымен бірге жеке тұлғаның қалыптасуына да ықпал етеді, бұл өз кезегінде оқушылар арасындағы қауымдастық пен өзара жауапкершілік сезімін арттырады.

Бұл тәрбие жүйесін іске асыруда сенім және қолдау ортасын қалыптастыруда шешуші орын алатын тәрбиешілердің ерекше институты ("Әпке/Аға") маңызды рөл атқарады. Бақылауды дәстүрлі қабылдаудан айырмашылығы, тәрбиешілерді оқушылар жақын және қолдау көрсететін ересектер ретінде қабылдайды: «Олар бізге сабақ бермейді, тіл үйретпейді, сабақ оқы деп мәжбүрлемейді, олар тек біздің өмірлік серіктеріміз сияқты, өздерінің ақылдарымен бөлісетін, өз бастан өткен сабақтарымен бөлісетін. Өмір бақи көмектесетін, ақылын айтатын өмірлік серік секілді...» (А., 18 жас), «Тәрбиешілік “қадағалау” туралы емес, олар саған дегер өз қолдауын көрсете алады, өз ақылдарын айта алатын адамдар» (А., 18 жас), «Тәрбиешілер-ана орнына ана, әке орнына әке болатын» (Д., 18 жас).

Респонденттер тәрбиешілердің оқушылар өміріне белсенді қатысуын көрсететін көптеген мысалдар келтіреді: «...14 бала болып бір жерге бардық, қарнымыз аш отырдық. Барлық ақшасын құртуға дайын ол кісі (тәрбиеші)... Өз оқушылары үшін, өз інілері үшін» (Б., 18 жас), «Бір күні мен қатты сырқаттанып, қызуым көтеріліп ауырып қалдым. Сол кезде мен тәрбиешіме хабарласып, ол түн болса да маған шәй құйып, менің қасымда отырып, қолыма массаж жасап беріп, дәрілерді ішуімді қадағалап, жалпы жанымда, қасымда болған. Түн болса да өз ұйқысын қиып. Сол күні менің бір түсінгенім — осы адамдар менің жағдайым жақсы болу үшін өз ұйқыларын қиюға дайын.... Келесі күні тәттілермен шәй әкеліп, градусник алып келіп, менімен медпунктқа барып, әрдайым жанымда жүретін» (А., 18 жас). Мұндай өзара әрекеттесу формасы оқушыларда қауіпсіздік сезімі мен эмоционалдық жайлылықтың қалыптасуына ықпал етеді. Бұл нәтижелер ересектер тарапынан көрсетілетін қолдаудың тұлғалық дамуда маңызды рөл атқаратынын дәлелдейтін зерттеулермен сәйкес келеді [6], сондай-ақ педагогтармен жағымды қарым-қатынас қалыптасуы оқушылардың ортаға тиесілілік сезімін және оқу жетістігін арттыратынын көрсетеді [7], [8]. Осылайша, тәрбиешілер тек бақылау жүйесінің элементтері ғана емес, сонымен қатар мектеп қауымдастығын қалыптастырудың маңызды қатысушылары ретінде көрінеді.

Ынтымақтастық сезімін күшейтетін қосымша факторлардың бірі — мектеп дәстүрлері мен ұжымдық іс-шаралар. Респонденттер үшін мұнда бастысы нәтиже емес, бірлескен қатысу үдерісінің өзі екені ерекше атап өтіледі: «...Ол квестерде тіпті жеңімпаз болмауы да мүмкін еді... ең маңыздысы олардың бірге уақыт өткізгені маңыздырақ екенін түсінетін» (А., 18 жас). «Бауырмашылдық кеші» сияқты іс-шараларға дайындық оқушылардан бірлескен күш-жігер мен

үйлесімділікті талап етеді: «...таң атпай біз бәріміз ұйқымызды бір мақсат үшін қиып, дайындалатынбыз. Сол дәстүр бізді өте қатты жақындастырды» (А., 18 жас). Мұндай тәжірибелер ортақ тәжірибе қалыптастырып, топтық бірегейлікті күшейтеді.

Сонымен қатар, гендерлік ортаның әсері де назар аударуға тұрарлық. Респонденттердің айтуынша, қарама-қарсы жыныстың болмауы оқуға көбірек көңіл бөлуге және ашық қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді: «*Көбіне бізде көңіліміз оқуда болады, “қыз” деген ойлар мазаламайды*» (Б., 18 жас). Бұл тұжырымдар осындай жағдайларда оқушылар сыртқы факторларға аз алаңдап, өзара тиімді әрекеттесе алатынын көрсететін зерттеулермен сәйкес келеді [9]. «...қыздар болғандықтан бізге ыңғайлы, өйткені жаныңда сені түсінетін, сенің жаныңды, сенің денеңді түсінетін адамдар жүргендіктен, олар сенің “комфортно” өмір сүруіңе, өз-өзіңді ұялмай ашуыңа көмектесетін сияқты» (А., 17 жас).

Осылайша, аталған факторлардың барлығы — интернаттық орта, ұжымдық тәжірибелер, тәрбиелік жүйе және жақын тұлғааралық қарым-қатынастар — мектепті бітіргеннен кейін де жойылмайтын, түлектердің кейінгі өміріне әсерін жалғастыратын тұрақты әлеуметтік байланыстарды қалыптастырады. Мысалы: «*Қазіргі универіме мен лицейлік таныстарымның болуырың арқасында түскен болатыным. Ешқандай коррупция емес, солардың ақылдары мен кеңестерінің арқасында. Солар менің алдағы 4 жылымды ашып берді десем болады*» (А., 18 жас). «...SDUға келген кезде көп адамды таныдым, 1-2 жыл бұрын, 3-4 жыл бұрын бітіріп кеткен әпкелерімді көрдім. Ол кісілерді бұрыннан танығандықтан, олар да мені жылы қарсы алды. Адаптация тез болып кетті» (А., 17 жас). Сонымен қатар, эмоционалдық байланыс та сақталады: «*Әлі күнге дейін сол қыздар маған көмек сұрап келетін болса, мен оларға көмектесуге әрдайым дайынмын, және мен сенімдімін оларда да сондай сезім бар екеніне. Оларда мені сағынып іздеп тұрады*» (А., 17 жас). «*Өмірімде лицейлік адамдардың болуы мен үшін өте маңызды, шынымен де мен жалғыз емес екенімді сол адамдардың арқасында сезіне аламын*» (А., 17 жас). Осылайша, мектеп қауымдастығы уақыт өте келе тұрақты әлеуметтік желіге трансформацияланып, мектепті аяқтағаннан кейін де өз қызметін жалғастырып, маңызды қолдаушы функция атқарады.

Жалпы алғанда, БИЛ мектеп қауымдастығы тек білім беру ортасы ғана емес, сонымен қатар сенімге, өзара көмекке және ортақтық сезіміне негізделген тұрақты әлеуметтік байланыстар қалыптасатын кеңістік ретінде көрінеді. Оқу барысында қалыптасқан «біз» сезімі мектептен кейін де сақталып, түлектер арасындағы ұзақ мерзімді қарым-қатынастарға ұласып, олардың кейінгі өміріне ықпал етеді. Бұл тәжірибенің жоғары маңыздылығы түлектердің субъективті бағалауларымен де расталады. Респонденттердің бірі былай дейді: «*Егер маған б-сыныпқа қайта оралу мүмкіндігі беріліп, басқа мектептер мен лицей арасынан таңдау жасау керек болса, мен мың рет ойланбай лицейді таңдар едім. Себебі бұл жерді еш нәрсемен алмастыруға болмайды*» (А., 18 жас). «*5 жылда маған лицей берген білім мен тәжірибені мен ешқай жерден ала алмас едім*» (А., 18 жас). Бұл пікір тек мектепке деген жағымды қатынасты ғана емес, сонымен қатар қауымдастықпен қалыптасқан эмоционалдық байланыстың тереңдігін де көрсетеді. Осылайша, БИЛ-дегі оқу тәжірибесі мектептік білім берудің шеңберінен шығып, түлектердің білімін ғана емес, олардың құндылықтарын, әлеуметтік байланыстарын және жеке бірегейлігін қалыптастыратын ұзақ мерзімді әлеуметтік ресурсқа айналады.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері БИЛ мектеп қауымдастығының тек білім

беру кеңістігі ғана емес, сонымен қатар тұрақты әлеуметтік байланыстар қалыптасатын ерекше әлеуметтік орта екенін айқын көрсетеді. Сұхбат материалдарын талдау барысында оқушылар арасында сенімге, өзара көмекке және ортақтық сезіміне негізделген қарым-қатынастар жүйесінің қалыптасатыны анықталды. Зерттеудің маңызды нәтижелерінің бірі — «біз» ұжымдық бірегейлігінің қалыптасуы. Бұл құбылыс тек декларативті деңгейде емес, күнделікті тәжірибеде, нақты әрекеттер арқылы көрініс табады. Оқушылардың өзара әрекеттесуі, бірлескен өмір тәжірибесі және ортақ мақсаттарға бағытталуы ұжымшылық құндылықтардың орнығуына ықпал етеді. Интернаттық жүйе, күнделікті ортақ тәжірибелер, бейресми қарым-қатынастар мен мектеп дәстүрлері оқушылар арасындағы тұлғааралық байланыстарды тереңдетіп, оларды эмоционалдық тұрғыдан жақындастырады. Сонымен қатар, тәрбиешілер институты оқушылар үшін сенімді, қолдаушы орта қалыптастырып, олардың тұлғалық дамуына және ортаға тиесілілік сезімінің күшеюіне маңызды әсер етеді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, БИЛ-де қалыптасатын өзара көмек мәдениеті тек академиялық жетістікке бағытталмай, әлеуметтік жауапкершілік пен азаматтық белсенділік сияқты кең ауқымды құндылықтарды да қамтиды. Бұл, өз кезегінде, мектеп қабырғасынан тыс жағдайларда да көрініс тауып, түлектердің қоғамдағы белсенді позициясын айқындайды. Сонымен қатар, мектеп

қауымдастығында қалыптасқан достық байланыстар ерекше тереңдікке ие болып, уақыт өте келе тұрақты әлеуметтік желіге айналады. Бұл байланыстар мектепті аяқтағаннан кейін де сақталып, түлектердің білім алуына, бейімделуіне және кәсіби дамуына қолдау көрсететін маңызды ресурс қызметін атқарады.

Осылайша, БИЛ тәжірибесі білім беру үдерісінің тек академиялық нәтижелермен шектелмейтінін, оның тұлғаның құндылықтық бағдарларын, әлеуметтік байланыстарын және бірегейлігін қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын дәлелдейді. БИЛ мектеп қауымдастығы сенімге, өзара қолдауға және ортақ жауапкершілікке негізделген тұрақты әлеуметтік капитал қалыптастыратын орта ретінде сипатталады. Бұл капитал түлектердің кейінгі өмірінде маңызды рөл атқарып, олардың жеке және кәсіби дамуына ұзақ мерзімді әсер етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Sergioivanni T. J. Building Community in Schools. - San Francisco, 1994.
2. Дюркгейм Э. О разделении общественного труда. Перевод А. Б. Гофмана - Москва, 1996.
3. Martin A. J., Papworth B., Ginns P., Liem G.A. Boarding School, Academic Motivation and Engagement, and Psychological Well-Being: A Large-Scale Investigation. – Washington, 2014. – 1007-1049 б.
4. De Guzman, M.P.T. Peer Pressur: An Overview. – Detroit, 2009. – 11-20 б.
5. Parker J.G., Asher S.R. Friendship and friendship quality in middle childhood: Links with peer group acceptance and feelings of loneliness and social dissatisfaction. Developmental Psychology – Washington, 1993.
6. Witt P. A. Youth development: Going to the next level. Parks & Recreation. – Ashburn, 2002. – 52-59 б.
7. Davis H. A. Conceptualizing the Role and Influence of Student-Teacher Relationships on Children’s Social and Cognitive Development. Educational Psychologist. – Washington, 2003. – 207–234 б.
8. Jacobson L.O. Editor’s Choice: Valuing Diversity -Student-Teacher
9. Relationships that Enhance Achievement. Community College Review. – Ashburn, 2000. – 49–67 б.
10. Vail K. Same-sex schools may still get a chance. The Education Digest - 2002. 32–38 б.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ БЕЛСЕНДІЛІГІ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

Құдайберген М., Канатова А., Кәмелбекқызы Н., Балғазы Г.

химия факультетінің студенттері,

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті, Қазақстан

e-mail: daybergen.madina@mail.ru

Ғылыми жетекші: аға оқытушы Булумбаев О.Р.

Бүгінгі заманның глобализацияланған әлемінде жастар қоғамның ең динамикалық және белсенді тобы болып саналады. Олардың саяси процестерге қатысуы мемлекеттің даму деңгейін бағалауда маңызды көрсеткіш ретінде қарастырылады [3]. Қазақстанда саяси жүйеде жаңа өзгерістер енгізіліп, азаматтық қоғам институттары нығайтылып келеді [1]. Осы контексте жастардың саяси белсенділігі, саяси мәдениеті мен азаматтық ұстанымдарын зерттеудің маңызы ерекше артып отыр.

Жастардың саяси іс-қимылы тек сайлаумен шектелмей, қоғамдық өмірде белсенділіктің әртүрлі формаларын қамтиды. Олар қоғамдық ұйымдарда қызмет етеді, әлеуметтік желілерде пікір білдіреді, еріктілік қызметпен айналысады, митингтер мен қоғамдық пікірталастарға қатысады [7]. Қазіргі зерттеу Қазақстан жастарының саяси белсенділігінің деңгейін, оған әсер ететін факторларды және даму перспективаларын талдауға бағытталған. Жастардың саяси белсенділігі саяси мәдениет теориясы аясында қарастырылады. Габриэль Алмонд пен Сидней Верба зерттеулерінде саяси мәдениет азаматтардың саяси жүйеге қатынасы, құндылықтары және мінез-құлық үлгілерінің жиынтығы ретінде анықталады [3]. Олардың пікірінше, азаматтардың саяси белсенділігі қоғамдағы демократиялық институттардың тұрақтылығына тікелей әсер етеді [3]. Ал Рональд Инглехарт құндылықтар эволюциясы теориясында экономикалық даму деңгейі артқан сайын жастар арасында постматериалдық құндылықтар (еркіндік, өзін-өзі білдіру, азаматтық қатысу) күшейетінін дәлелдейді